В целом, территория характеризуется повторяемостью приземных и приподнятых температурных инверсий, способствующих концентрации загрязнения в приземном слое, в пределах 40-45% за год. Наибольшая повторяемость инверсий отмечается в декабре-феврале (до 50-70% ежемесячно). Мощность инверсий в зимний период достигает 600-800 м. Летом инверсии температуры быстро разрушаются, повторяемость их 30-35%.

Повторяемость слабых ветров невелика, среднемесячные скорости ветра колеблются на территории от 3,5 до 8 м/с. В дневные часы ветер усиливается до 10,5 м/с. На высотах свыше 100м. среднемесячные скорости ветра равны 6 м/с и более. Активная ветровая деятельность, как на высоте, так и в приземном слое способствует рассеиванию вредных примесей в атмосфере.

Осадки, как фактор самоочищения атмосферы, не оказывают ощутимого воздействия вследствие их небольшого количества, особенно в засушливые годы. В переходные сезоны года, под воздействием резко меняющейся синоптической обстановки, создаются наиболее благоприятные влажностные условия для самоочищения атмосферы от примесей. Согласно

районированию территории Республики Казахстан, проведенному Казахским научно-исследовательским гидрометеорологическим институтом, по потенциалу загрязнения атмосферы (ПЗА) район расположения объекта относится к III-й зоне – зоне повышенного потенциала загрязнения воздуха. Эта зона характеризуется повторяемостью приземных инверсий до 40-60% при их мощности зимой от 0,6 до 0,8 км., а летом – не более 0,4 км. Во все сезоны повторяемость скорости ветра 0-4 м/с на высоте 500м. составляет 20-30%. Накопление примесей в атмосфере обусловлено частыми туманами во время смены барических условий в осенний и весенний периоды.

Рассматриваемая территория характеризуется довольно низкой динамикой атмосферы, не создающей условия интенсивного турбулентного, а в теплый период года и конвективного обмена в нижней тропосфере и не препятствующей развитию застойных явлений. Об этом свидетельствует высокая повторяемость штилевых ситуаций, наблюдаемых в продолжение года. В среднем для рассматриваемой территории она составляет около 39% от общего числа наблюдений.

Средние месячные значения скорости ветра незначительно превышают показатель, характеризующий среднюю скорость на территории Казахстана (3,7 м/с), который колеблется в пределах от 3,7 до 5,5 м/с (средняя за год – 4,5 м/с) (Таблица 2).

Таблица 2

Среднемесячные показатели скорости ветра, м/сек

Название метеостанции		I	II	V		I	II	III	X		I	II	од
	,4	,8	,6	,3	,0	,6	,2	,2	,4	,6	,8	,9	,5

Условия рассеивания выбросов в атмосфере с повторяемостью основных направлений ветра в приземном слое для Асфальтобетонного завода ТОО «КТП-Транс» показаны в Табл. 3, для месторождения «Каратугайское» – табл. 4 (СНиП РК 2.04-01-2001 «Строительная климатология»).

В геологическом разрезе выделяется два структурных этажа. Нижний- фундамент платформы – сложен различными по генезису и степени метаморфизма сложно дислоцированными морскими и континентальными отложениями от мелового до современного возраста. По литологическому составу преобладают обломочные образования, но неоген-четвертичные осадки имеют преимущественно глинистый состав. Покровные платформенные толщи имеют преимущественно малую мощность (0-15м) и лишь в эрозионно-тектонических депрессиях у восточной границы увеличивается до 80-100 м.

Исследованная территория относится к бассейну р. Илек. Правобережье р. Илек имеет всхолмленный характер – гряды и холмы-увалы. Большинство гряд ориентировано в субмеридиональном направлении и прорезаны множеством поперечных и продольных оврагов – балок. На левобережье р. Илек рельеф более спокойный, слабовсхолмленный и характеризуется слабонаклоненными и платообразными возвышенными равнинами.

По принятой классификации водотоки района относятся к малым рекам, по условиям режима к казахстанскому типу с резко выраженным преобладанием стока в весенний период.

В годовом разрезе режим стока большинства водотоков характеризуется высоким весенним половодьем и низкой летней меженью. После окончания весеннего половодья на водотоках наступает летне-осенняя межень: величина стока резко уменьшается, и на многих водотоках сток совсем прекращается, за исключением водотоков, питающихся карьерными водами и родниками. Промерзание рек зимой наблюдается на всех реках территории.

В период паводков вода часто выходит из берегов, в это же время проходит основная часть наносов. Химически состав растворенных в воде солей в течение года изменяется от

преобладания гидрокарбонатов до хлоридов, что обусловлено различной степенью засоленности почв и грунтов, на которых формируются почвенно-поверхностные и русловые воды.

Своеобразие геологического строения, обусловленное солянокупольной тектоникой, предопределило сложные гидрогеологические условия района. Проявление соляной тектоники приводит к разобщенности разновозрастных водоносных горизонтов в одних случаях и взаимосвязи водоносных горизонтов различных систем в других случаях, создавая очень сложный режим питания, движения и формирования подземных вод, как в количественном, так и в качественном отношении.

Рассматриваемая территория расположена в зоне сухих степей. Для этой зоны характерно распространение темно-каштановых почв.

Особенность почвенного покрова – высокая комплектность, связанная с микрорельефом, обуславливающим различный характер увлажнения и солевого режима почв. В профиле каштановых почв гумусовый горизонт имеет мощность 20-25 см, буровато- или коричневатосерый цвет, комковато-порошистую структуру. Содержание 2-5%. Для солонцеватых почв характерно равномерное распределение илистой фракций и полуторных окислов по всему профилю. При возрастании степени солонцеватости происходит накопление ила и полуторных окислов.

Для асфальтобетонного завода ТОО «КТП-Транс» разработан проект ПДВ загрязняющих веществ в атмосферу. Ближайшая жилая зона находится с юго-восточной стороны предприятия за пределами СЗЗ на расстоянии от границы предприятия 1,1 км. На границе СЗЗ концентрация вредных веществ не превышает ПДК, а в жилой зоне возможные максимальные приземные концентрации по загрязняющим веществам и по группам суммации не превышают 0.006 ПДК.

Согласно «Методике расчета концентраций в атмосферном воздухе...» п. 8.6 необходимо определить СЗЗ для Асфальтобетонного завода ТОО «КТП-Транс» в зависимости от мощности выброса и розы ветров. Размеры СЗЗ уточняются отдельно для различных направлений ветра в зависимости от результатов расчета загрязнений атмосферы и среднегодовой розы ветров района расположения предприятия по формуле (ОНД-86, п. 8,18):

$$L=L_0 \times (P/P_0), \text{ м}$$

где,  $L$  - расчетный размер СЗЗ, м

$L_0$  – расчетный размер участка в данном направлении, где концентрация вредных веществ превышает ПДК, м.

$P$  – среднегодовая повторяемость направлений ветров, рассматриваемого румба, %

$P_0$  – повторяемость направлений ветров одного румба при круговой розе ветров, %

$$P=100/8 = 12,5\% \text{ (8-ми румбовая роза ветров)}$$

Данные по среднегодовой розе ветров взяты согласно СНиП РК 2.04-01-2001г. «Строительная климатология».

**Сводная таблица**

Направление ветра по румбам	С	В	С	В	Ю	Ю	З	Ю	З	З	С
$P$	7	2	1	4	1	5	3	1	3	4	1
$P/P_0$	.56	.96	0	.12	1	.2	.04	1	.04	.12	0

### Размер СЗЗ в окончательном виде

Направление румба	С	С	В	В	Ю	Ю	З	Ю	З	З	С
	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
	040	040	120	000	000	000	000	120	200		

Метеорологические характеристики и коэффициенты, определяющие условия рассеивания загрязняющих веществ в атмосфере г.Актобе

Таблица 3

Асфальтобетонный завод ТОО «КТП -Транс»

Наименование характеристик	Величина
Коэффициент, зависящий от стратификации атмосферы, А	200
Коэффициент рельефа местности в городе	1,00
Средняя максимальная температура наружного воздуха наиболее жаркого месяца года, град. С	29,2
Средняя температура наружного воздуха наиболее холодного месяца(для котельных, работающих по отопительному графику), град С	-15,4
Средняя роза ветров, % м/с,	
С	7,0
СВ	12,0
В	14,0
ЮВ	15,0
Ю	13,0
ЮЗ	13,0
З	14,0
СЗ	12,0
Среднегодовая скорость ветра, м/с	4,0
Скорость ветра (по средним многолетним данным), повторяемость превышения которой составляет 5%,м/с	8,0

Расчеты концентраций вредных веществ в атмосферном воздухе выполнены с помощью программного комплекса «ЭРА 1.7», разработанного ООО НПП «Логос-Плюс»

(г. Новосибирск), согласованного с ГГО им. Войкова (СПб) и МООС РК.

Расчеты концентраций загрязняющих веществ были выполнены для определения концентрации на границе санитарно-защитной зоны (СЗЗ 1000м), на контрольных точках, при одновременной работе всех действующих объектов.

Анализ результатов моделирования показывает, что при регламентном режиме работы объектов предприятия и одновременно работающих источников выбросов экологические характеристики атмосферного воздуха в районе расположения по всем загрязняющим ингредиентам будут в пределах нормативных величин. Химическое загрязнение на границах расчетной СЗЗ по расчетным данным, характеризуется как незначительное. Концентрации наиболее влияющих веществ лежат в пределах 1,0 ПДК мр.

По результатам расчетов рассеивания вредных веществ в атмосферном воздухе максимальные приземные концентрации загрязняющих веществ и физического воздействия (шумовое) на атмосферный воздух с учетом среднегодовой розы ветров и метеохарактеристик не превышают критериев качества атмосферного воздуха для населенных мест, корректировка (уменьшение, увеличение) расчетной санитарно-защитной зоны не требуется и составляет не

менее 1000м, так как проведенный анализ показал, что воздействие объектов асфальтобетонного завода в пределах нормы.

Для месторождение «Картугайское» ТОО «КТП-Транс» разработан проект ПДВ загрязняющих веществ в атмосфере.

Согласно «Методике расчета концентраций в атмосферном воздухе ...» п 8.6 необходимо определить размер СЗЗ месторождения «Картугайское» ТОО «КТП-Транс» в зависимости от мощности выброса и розы ветров. Размеры СЗЗ уточняются отдельно для различных направлений ветра в зависимости от результатов расчета загрязнений атмосферы и среднегодовой розы ветров района расположения предприятия по формуле (ОНД-86, п.8.18):

$$L = L_0 \times (P / P_0), м$$

где,  $L$  – расчетный размер СЗЗ м

$L_0$  - расчетный размер участка в данном направлении, где концентрация вредных веществ превышает ПДК, м.

$P$  - среднегодовая повторяемость направлений ветров, рассматриваемого румба, %

$P_0$  - повторяемость направлений ветров одного румба при круговой розе ветров, %

$P - 100 / 8 = 12,5 \%$  (8 –ми румбовая роза ветров)

Данные по среднегодовой розе ветров взяты согласно СНиП РК 2.04-01-2001г. «Строительная климатология».

**Сводная таблица**

Направление ветра по румбам	С		В		Ю		З	
	В	В	В	В	В	В	В	В
P	7	0	1	2	1	3	4	2
P / P <sub>0</sub>	,56	,8	,88	,96	,88	,04	,12	,96

**Размер СЗЗ в окончательном виде**

Направление румбам	С		В		Ю		З	
	В	В	В	В	В	В	В	В
L, м	50	50	50	50	50	50	40	50

Расчеты концентраций вредных веществ в атмосферном воздухе выполнены с помощью программного комплекса «ЭРА 1.7», разработанного ООО НПП «Логос-Плюс» (г. Новосибирск), согласованного с ГГО им. Войкова (СПб) и МООС РК.

Таблица 4

**Метеорологические коэффициенты, определяющие условия рассеивания выбросов загрязняющих веществ в атмосфере. Месторождение «Картугайское»**

Наименование характеристик	Обозначение характеристик	Числовое значение
Коэффициент, зависящий от стратификации атмосферы	A	200
Коэффициент рельефа местности		
Средняя максимальная температура наружного воздуха наиболее жаркого месяца года, С	$\eta$	1
Средняя максимальная температура наружного воздуха наиболее холодного месяца года, С	$T_{нар(ж)}$	25
Наибольшая в году скорость ветра с повторяемостью не менее 5%	$T_{нар(ж)}$	20



	U	15
Средне годовая повторяемость направлений ветра, по румбам, %		
Север	С	7,0
Северо-восток	СВ	10,0
Восток	В	11,0
Юго-восток	ЮВ	12,0
Юг	Ю	11,0
Юго-запад	ЮЗ	13,0
Запад	З	14,0

Степень опасности загрязнения атмосферного воздуха характеризуется максимальным значением концентрации, соответствующей наиболее неблагоприятным условиям, в.т.ч. опасной скоростью ветра, встречающейся примерно в 1-2% случаях.

Расчеты концентраций загрязняющих веществ были выполнены для определения концентрации на границе санитарно-защитной зоны (СЗЗ 500м), на контрольных точках, при одновременной работе всех действующих источников. Максимальные приземные концентрации отмечаются у источников выбросов загрязняющих веществ. Анализа результатов моделирования показывает, что при регламентном режиме работы объектов месторождения и одновременно работающих источников выбросов экологические характеристики атмосферного воздуха в район расположения по всем загрязняющим ингредиентам будут в пределах нормативных величин. Химическое загрязнение на границах расчетной СЗЗ по расчетным данным, характеризуется как незначительное. Концентрации наиболее влияющих веществ лежат в пределах 1,0 ПДК мр. По результатам расчетов рассеивания вредных веществ в атмосферном воздухе максимальные приземные концентрации загрязняющих веществ и физического воздействия (шумовое) на атмосферный воздух с учетом среднегодовой розы ветров и метеохарактеристик не превышают критериев качества атмосферного воздуха для населенных мест, корректировка (уменьшение, увеличение) расчетной санитарно-защитной зоны не требуется и составляет не менее 500м, так как проведенный анализ показал, что воздействие объектов месторождения в пределах нормы.

## ПЕРЕЧЕНЬ ЛИТЕРАТУРНЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. «Методика проведения инвентаризации вредных физических воздействий на атмосферный воздух и их источников утвержденной приказом Министра охраны окружающей среды Республики Казахстан от 18 июля 2007 года №229-п»;
2. СанПиН «Санитарно-эпидемиологические требования по установлению санитарно-защитной зоны производственных объектов», утвержденный приказом И.о. министра здравоохранения Республики Казахстан № 795 от 06 октября 2010 года»;
3. «Правила инвентаризации выбросов вредных (загрязняющих) веществ, вредных физических воздействий на атмосферный воздух», утвержденный приказом МООС за №217-п от 04.08.05г.;
4. Методика определения нормативов эмиссий в окружающую среду, 2007г.;
5. Инструкция по нормированию выбросов загрязняющих веществ в атмосферу. РНД 211.2.02.01-97, Алматы, 1997 г.;
6. Временное руководство по контролю источников загрязнения атмосферы, РНД 211.3.01.06.-97, Алматы, 1997 г.;
7. Сборник методик по расчету выбросов вредных в атмосферу различными производствами. Алматы, КазЭКОЭКСП, 1996 г.;
8. Экологический Кодекс РК от 09.01.2007 г.;
9. «Сборник методик по расчету выбросов вредных в атмосферу различными производствами». Алматы, КазЭКОЭКСП, 1996 г.;

10. «Методические указания по расчету выбросов загрязняющих веществ в атмосферу предприятиями строительной индустрии. Предприятия нерудных материалов и пористых заполнителей», Алма-Ата, НПО Амал, 1992г.;
11. Методика расчета нормативов выбросов от неорганизованных источников. Приложение №13 к Приказу Министра охраны окружающей среды Республики Казахстан от 18.04.2008 №100-п;
12. Методика расчета выбросов загрязняющих веществ в атмосферу от предприятий по производству строительных материалов Приложение №11 к Приказу Министра охраны окружающей среды Республики Казахстан от 18.04.2008 №100-п;
13. СНиП РК 2.04-01-2001 «Строительная климатология»

**ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ / ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ**

**ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНА ҮЛЕСТІК ҚАТЫСУ САЛАСЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

**Саимов Айдархан Жандарбекович**

*«Құқық» кафедрасының 2-курс магистранты*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;*

Бұл мақалада үлескерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған мәселелер қозғалады. Осыған орай, заң арқылы тұрғын үй құрылысына қатысудың жаңа тәсілдері қамтылып отыр. Бұлар: тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу бойынша кепілдіктер беру; екінші деңгейлі банктер арқылы жобаны қаржыландыру; тұрғын үй қаңқасын құрылыс салушының жеке қаражатына тұрғызу.

*Түйінді сөздер:* Тұрғын үй, кепілдік, мердігер, үлестік меншік, кодекс, көппәтерлі тұрғын үйдегі үлес.

---

**ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ В СФЕРЕ ДОЛЕВОГО УЧАСТИЯ В  
ЖИЛИЩНОМ СТРОИТЕЛЬСТВЕ**

**Саимов Айдархан Жандарбекович**

*Магистрант 2-курса кафедры «Право»*

*Казахско-Русский Международный университет; 030006, г.Актөбе, ул.Айтеке би, 52;*

В данной статье затрагиваются вопросы, направленные на защиту прав и интересов дольщиков. В этой связи, законом предусмотрены новые подходы к участию в строительстве жилья. Это: предоставление гарантий по долевному участию в жилищном строительстве; финансирование проекта через банки второго уровня; возведение каркаса жилого дома на собственные средства застройщика.

*Ключевые слова:* жилой дом, гарантия, подрядчик, долевая собственность, кодекс, доля в многоквартирном жилом доме.

---

**STATE REGULATION IN THE FIELD OF SHARED PARTICIPATION IN HOUSING  
CONSTRUCTION**

**Saimov Aidarkhan Zhandarbekovi**

*2nd-year master's student of the Department of "Law"*

*Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;*

This article addresses issues aimed at protecting the rights and interests of shareholders. In this regard, the law provides for new approaches to participation in the construction of residential buildings. These are: provision of guarantees for equity participation in housing construction; financing of the project through second-tier banks; construction of a housing frame at the developer's own funds.

*Keywords:* housing, guarantee, Contractor, shared ownership, code, share in an apartment building.

Біздің әрқайсымыз жеке меншіктегі жылжымайтын мүлік туралы армандаймыз, оны сатып алудың әр түрлі мүмкіндіктері бар. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 7 сәуірдегі Заңына сәйкес, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу – тараптардың тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартқа негізделген қатынастары. Жай сөзбен айтқанда – сіз ақша төлейсіз, ал сізге үй салып береді.

Қазақстандағы үлескерлік құрылыс – өсіп келе жатқан жылжымайтын мүлік нарығын және азаматтардың оған мұқтаждығын ескере отырып, жетерліктей кеңінен таралған тәжірибе. Үлескерлік құрылыстың бірқатар артықшылықтары бар, олардың бастысы қайталама тұрғын үймен салыстырғанда төмен бағасы болып табылады. Сонымен бірге, белгілі бір қатерлер де бар, мысалы, тұрғын үй құрылысын ұзақ күту немесе шартты ресімдеген кезде құрылыс салушы (уәкілетті орган) тарапынан алдау не үміттерге сәйкес келмеу. Осы мақалада сіз жылжымайтын мүлікті үлескерлік құрылыс арқылы сатып алған кезде күтпеген оқиғалардан сақтану үшін қандай шаралар қолдану қажет екені туралы білесіз.

Кез келген мемлекетте тұрғын үй мәселесі негізгі мәселелердің бірі болып саналады, себебі, азаматтарының әлеуметтік игілігі олардың тұрғын үймен қамтылуына тікелей байланысты. Қазақстан тұрғын үй саласын дамытудың бірыңғай моделін әзірлеуде, оның негізгі қағидаты әсіресе, әлеуметтік әлжуаз топтағы тұрғындар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру болмақ. Осы мақсатта елімізде тұрғын үй ипотекасының қолжетімділігін арттыруға ықпал ететін жаңа тұрғын үй бағдарламалары енгізілуде.

2019 жылы жергілікті атқарушы органдар үлескерлердің қаражатын тартуға 123 рұқсат берді және Кепілдік беру қоры кепілдік беруге 23 шарт жасады.

Биыл үлестік қатысу шарттарын есепке алу үшін тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың Бірыңғай ақпараттық жүйесі («ҚАЗРЕЕСТР» АЖ) іске қосылды. Ақпараттық жүйенің негізгі мақсаты — тұрғын үй құрылысындағы үлестерді есепке алуды мемлекеттік тіркеу саласындағы мәліметтерді автоматтандырылған жинау (енгізу), өңдеу, өзектендіру, сақтау және талдау.

Әсері:

- үлестік қатысу шарттарын есепке алуды орталықтандыру;
- берілген рұқсаттар бойынша ақпарат мониторингі;
- жылжымайтын мүлікті заңсыз сату, оның ішінде қосарланған сату қауіптерін жою.

Ақпараттық жүйе базасында жергілікті атқарушы органдар «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы көшірме беру» мемлекеттік қызметін іске асыруда. Шарттарды есепке алуды уәкілетті компанияның ұсынуы бойынша көп пәтерлі тұрғын үйдің орналасқан жері бойынша әкімдіктер жүргізеді.

Ақпараттық жүйені енгізу мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін 6-дан 3 жұмыс күніне дейін қысқартуды қамтамасыз етті. Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ҚР заңнамасын жетілдіру мақсатында кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар әзірленді. Бұл өзгерістер тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнаманы айналып өтіп, құрылысты жүзеге асыратын құрылыс салушылардың жауапкершілігін күшейтуді көздейді.

2016 жылғы қазаннан бастап елімізде «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР жаңа заңы әрекет етуде, онда құрылыс салушылардың үлестік құрылыс нарығындағы барлық қатысу ережелері көрсетілген.

Үлескерлердің қаражатын тарту мына тәсілдердің бірімен ұйымдастырылады:

1. «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ кепілдігін алу;
2. Екінші деңгейлі банктің жобасына қатысу;
3. Тұрғын үйдің қаңқасын тұрғызғаннан кейін үлескерлердің қаражатын тарту.

Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт – уәкілетті компания мен үлескер арасында жасалатын, бір тарап тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) құрылысын қамтамасыз

етуге және құрылыс аяқталған соң екінші тарапқа тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) үлесін беруге міндеттенетін, ал екінші тарап төлем жүргізуге және тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) үлесін қабылдауға міндеттенетін, тараптардың тұрғын үй құрылысына үлестік қатысумен байланысты құқықтық қатынастарын реттейтін шарт.

Үлескер – тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) үлесті алу мақсатында тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартты жасасқан жеке тұлға (уақытша болатын шетелдіктерді қоспағанда) немесе заңды тұлға).

Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт жазбаша нысанда жасалады және оны тәртіпте тұрғын үй (тұрғын ғимарат) орналасқан жер бойынша жергілікті атқарушы органда есепке қою сәтінен бастап жасалған деп есептеледі.

Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу:

- кепілдік беру қорынан кепілдік алу;
- екінші деңгейдегі банктің жобаға қатысуы;
- тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) қаңқасы тұрғызылғаннан кейін үлескерлердің ақшасын тарту тәсілдерінің бірі арқылы ұйымдастырылады.

Тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттардың) құрылысы үшін жеке және заңды тұлғалардың ақшасын тартуға тыйым салынады.

Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт жазбаша нысанда жасалады және көппәтерлі тұрғын үйдің орналасқан жеріндегі жергілікті атқарушы органда оны есепке қойған кезден бастап жасалған болып есептеледі.

Үлестік құрылысқа қатысу шарты - оның негізінде құрылыс салушы жылжымайтын мүлікті белгілі бір мерзімде салып, үлескерге (үлестік құрылысқа қатысушыға) тапсыруға міндеттенеді. Акционер шартта көрсетілген соманы төлеуге және объектіні қабылдауға міндетті. Іс жүзінде бұл келісімді жалғастыру мүмкін болмайтын жағдайлар туындайды және оны тоқтату қажет болады.

Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы келісімшарт жазбаша түрде жасалады және жергілікті атқарушы органында оның есепке алу сәтінен бастап жасалған деп есептеледі. Уәкілетті компания тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мақсатында келісімшарт жасасуға ниетті жеке және заңды тұлғаларға құрылыс объектісі туралы толық ақпарат беруге міндетті. Құрылыс салушы компания уәкілетті органның рұқсатын алған соң ғана үлескердің қаржысын тарта алады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

#### **Список использованной литературы:**

- 1 «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңы. 16 сәуір 1997. <http://adilet.zan.kz/>.
- 2 Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий.// Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы: Жеті жарғы. 2000 (Басин Ю.Г., Алиханова Г.А., Базарбаев Б.Б., Жанайдаров И.У., Ильясова К.М., Ихсанов У.К., Каудыров Т.Е., Маметова Р.А., Мукашева К.В., Осипов Е.Б., Покровский Б.В., Тулеугалиев Г.И., Худяков А.И., Ченцова О.И.). 800 с. Общий объем 49.17 п.л. Сулейменов М.К. - 4 п.л.
- 3 Азаматтық құқық. том I. Жауапты ред. М.К. Сүлейменов, Ю.Г. Басин. Алматы. ҚазГЗУ 2003 жыл 736 бет.
- 4 Гражданское право (общая часть). Учебное пособие. Под ред. Диденко А.Г., Алматы, 2003.
- 5 Төлеуғалиев Г.И. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы.- Алматы: 2002. - 420 бет.
- 6 Гражданское право. учебник. Ч.1. / под ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстого. - М.: «Проспект», 1997. - 693 бет.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНА ҮЛЕСТІК ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

**Саимов Айдархан Жандарбекович**

*«Құқық» кафедрасының 2-курс магистранты*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;*

Бұл мақалада үйді тапсыру мерзімінің кешіктірілуі — жиі байқалатын құбылыс туралы қарастырылған. Оның әр түрлі себептері болуы мүмкін, бірақ олардан да басқа жағдайды алатын болсақ, мысалы, үлескердің қашпаған қашардың уызын күтуден жалығып, өзінің көңілін қалдырған құрылыс салушымен арадағы шартты бұзуды ұйғаруы.

*Түйінді сөздер:* Құрылыс, шарт, тұрақсыздық айыбы, кепілдік, мердігер, үлестік меншік, кодекс.

---

## ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА НАРУШЕНИЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН О ДОЛЕВОМ УЧАСТИИ В ЖИЛИЩНОМ СТРОИТЕЛЬСТВЕ

**Саимов Айдархан Жандарбекович**

*Магистрант 2-курса кафедры «Право»*

*Казахско-Русский Международный университет; 030006, г.Актөбе, ул.Айтеке би, 52;*

В этой статье мы поговорим о просрочке сдачи дома-частом явлении. На это могут быть разные причины, но есть и другая ситуация, например, когда дольщику надоело ждать молозива сбежавшего теленка, и он решает расторгнуть договор с разочарованным застройщиком.

*Ключевые слова:* строительство, контракт, штраф, гарантия, подрядчик, долевая собственность, кодекс.

---

## LIABILITY FOR VIOLATION OF THE LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN ON SHARED PARTICIPATION IN HOUSING CONSTRUCTION

**Saimov Aidarkhan Zhandarbekovich**

*2nd-year master's student of the Department of "Law"*

*Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;*

In this article, we will talk about the delay in the delivery of the house — a frequent phenomenon. There may be different reasons for this, but there is another situation, for example, when a shareholder gets tired of waiting for the colostrum of a runaway heifer and decides to terminate the contract with a disappointed developer.

*Keywords:* construction, contract, penalty, guarantee, Contractor, shared ownership, code.

---

Үйді тапсыру мерзімінің кешіктірілуі — жиі байқалатын құбылыс. Оның әр түрлі себептері болуы мүмкін, бірақ олардан да басқа жағдайды алатын болсақ, мысалы, үлескердің қашпаған қашардың уызын күтуден жалығып, өзінің көңілін қалдырған құрылыс салушымен арадағы шартты бұзуды ұйғаруы. Бұл ретте қандай қиындықтарға

ұшырайтындығын және жалпы қандай жағдайда өзінің ақшасын қайтаруды талап етуге болатындығын байқап көрейік.

Бұдан екі-үш жыл бұрын, құрылыс компаниялары қаржылық дағдарысты басынан өткерген кезде, оларға тәуелді немесе тәуелсіз себептерге байланысты құрылыс мерзімін кешеуілдететін, құрылыс салушылармен үлестік қатысу шартын бұзу туралы мәселе Қазақстанда тым өткір көтерілді. Заң статистикаларға сәйкес, қазір құрылыс нарығындағы құрылыс салушылардың қаржылық жағдайы тұрақтанып келе жатқандықтан, тұрғын үй құрылысындағы үлестік қатысу шартын бұзу сирек кездеседі.

Алайда, соған қарамастан, өз міндеттеріне салақ қарайтын құрылыс салушылар мен өкпелі үлескерлердің арасындағы соттық қараулар саны соңғы бес жылдың ішінде 500-ден асты. Әрі көпшілік жағдайларда үлескерлердің пайдасына шешілді.

Жалпы алғанда шарттар нысанды пайдалануға берудің кешіктірілуіне байланысты бұзылады. Кешіктіру себептері әр түрлі болуы мүмкін, әрі тіпті құрылыс салушыға байланысты болмайтын, мысалы, құрылыс салуға рұқсат алуға қатысты қағазбастылық, құрылыс материалдары нарығындағы өзгерістер сияқты жағдайлар.

Үлестік қатысу шартын бұзу үшін себеп — ең алдымен шартта белгіленген, құрылыс мерзімінің бұзылуы. Шартта тұрғын үй кешенін тапсыру мерзімі белгіленеді. Бірақ құрылыс салушыға байланысты болмайтын себептер бойынша үйді тапсыру мерзіміне қатысты өзгерістер болуы мүмкін. Мысалы, климаттық өзгерістер. Сондықтан да үлескерлердің алдымен мерзімнің кешіктірілуіне не себеп болғандығын анықтағаны дұрыс болады. Және де шартта осындай жағдай үшін, үйді пайдалануға тапсыру кешіктірілген жағдайда компания төлейтін, пайыздың белгіленгендігін ескеру қажет. Штаттан тыс жағдайлардан ешкім қашып құтыла алмайды. Біздің құрылыстағы тапсырыс берушілеріміз клиенттерге қолдау көрсетуге және осындай жағдайлардың пайда болуын себепін түсіндіруге тырысады. Бейбіт және достық қатынастағы келіссөз барысында клиенттердің шартты бұзу ниетінен бас тарту жағдайлары да көптеп кездеседі. Мысалы кешіктіру орын алған жағдайда компания — тұрғын үй кешені құрылысының бас мердігері болады, ал тұрғын үй Кешені тұрғын үй құрылыс кооперативі болып есептелетін, құрылыстағы тапсырыс берушілерді іске қосады. Және ТҚК нысанның құрылысының аяқталу мерзімін олардың ресми мерзімінің аяқталған кезінен бастап үш қосымша айға ұзарту құқығын өзіне қалдыра алады. Жалпы алғанда, құрылыстың мерзіміне байланысты даулардан аулақ болу үшін үлескерлердің құрылыс нарығында өзін жақсы жағынан көрсеткен және осы қызметпен ұзақ уақыттардан бері айналысатын, құрылыс салушыны мұқият таңдағаны дұрыс. Салынған жылжымайтын мүлік нысандарының саны мен сапасы да маңызды рөл атқарады. Құрылыс салушыны іздестіру кезінде бірден компанияның өзіне бару міндетті емес, таңдаудың дұрыстығына көз жеткізу үшін ең алдымен, салынып қойған үйлердің тұрғындарынан сұрастырған жөн болады. Алайда құрылыс салушының өзінің салақтығы себеп болатын жағдайлар да жиі кездеседі. Үлескер үй құрылысының кешігіп жатқандығын (немесе одан да жаманы — мүлдем жүргізілмей жатқандығын) көрген кезде, жуықта жаңа үйге қоныстанудан үмітін үзеді және соған салған өз еңбегімен табылған ақшасын қайтарып алуға тырысады. Үлестік қатысу шартын бұзудың ең бірінші себебі — шартта белгіленген, құрылыс мерзімінің бұзылуы. Құрылыстың жүрмей жатқанын көрген үлескер не едәуір сенімді құрылыс компаниясына, не дайын тұрған үйді сатып алуға салу үшін өзінің ақшасын қайтарып алуды қалайды, «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР заңында құрылыс салушының шартта белгіленген мерзімнің ішінде тұрғын жайды салуға және оны үлескерге дайын тұрғын үй түрінде пайдалануға беруге міндеттенетіндігі көрсетілген. Іс жүзінде құрылыстың кешіктірілуі жиі кездеседі. Үлескерлердің пайдасына шешілген істерге қатысты сот тәжірибесі көрсеткендей, көпшілігі деуге болады. Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шартын бұзу және ақша қаражатын өндіріп алу туралы даудан басқа құрылыстың уақытында

аяқталмауына және пәтердің меншікке дер кезінде берілмеуіне байланысты шартта белгіленген тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы даулар да қаралады. Шартта құрылысты аяқтау және тұрғын үйді пайдалануға енгізу мерзімі бойынша құрылыс салушының міндеті белгіленгендіктен, сот үлескердің пайдасына шешім шығарады.

Үлестік қатысу бұзылған кезде банк-агент үлескерге депозиттегі ақшасын және жинақталған сыйақы мөлшеріндегі ақшасын қайтаруы тиіс. Шартта сондай-ақ, шарттың міндетті талаптарын бұзғаны үшін өсімпұл көзделген: үлескер біржақты тәртіпте шартты орындаудан бас тартып және тұрақсыздық айыбын (мерзімі өткен әрбір күн үшін үлескердің тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шарты бойынша төлеген, сомасының 0,1 пайызы) төлеуді талап ете алады.

Ал енді жұқарған жүйке үшін моралдық зиянды өтеу және мәжбүрлікпен тұрғын үй жалдауға жұмсалған қосымша шығыстардың орнын толтыру, заңгердің сөзі бойынша, екіталай. Алғашқы жағдайда, тараптардың арасындағы өзара қатынас мүлтік сипатта болғандықтан, құрылыс салушыдан моральдық зиян өндірілмейді. Екінші жағдайда тек шартта құрылыс мерзімі кешіктірілген кезде тұрғын жай жалдағаны үшін шығынды өтеу талабы белгіленген болса ғана ақшаны қайтарып алуға болады. Егер болмаса, құрылыс салушы үлескерге жалдау шығыстарын қайтаруға міндетті емес. Жалпы алғанда, үлескер құрылыс салушыдан тек шарт бойынша қабылданған, міндеттерді бұзғаны үшін өтем талап етуге құқылы.

Заң бойынша құрылыс салушымен қатынасты үзудің екі себебі бар: Үлескер «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңның 13 бабына сүйене отырып, өзінің ақшасын қайтаруды талап ете алады. Бірінші себеп — жобалау компаниясының үлескерлер ақшасын тарту есебінен тұрғын жайлар құрылысын ұйымдастыру жөніндегі қызметке лицензиясының қолданылуы тоқтатылғанда. Жобалау компаниясы — бұл жарғылық капиталының 50%-дан астамын құрылыс салушы қалыптастырған, заңды тұлға. Үлескерлердің ақшасын тарту есебінен тұрғын жайлар құрылысын ұйымдастыру жөніндегі қызметті іске асыратын да, дәл осы ұйым. Екінші себеп — жобалау компаниясының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартта көрсетілген тұрғын жайды пайдалануға беру мерзімін бұзуы. Сонымен қатар, үлескер тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартты мерзімінен бұрын бұзуға және банк шотының шарты жасалған кезден бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде үлескердің депозитінің сомасын талап етуге құқылы. Ал құрылыс салушы және жобалау компаниясы құрылысты мерзімінде аяқтап және лицензиялармен де ешқандай қиындық болмаған, бірақ олар үлескерге нысан туралы толық және анық емес ақпараттар ұсынған жағдайда, қаласаңыз мәмілені жарамсыз деп тану туралы талаппен сотқа жүгінуге болады. Әрине, сот талқылауының көңілге қонатын нұсқа емес екендігі рас. Өзіңізді түңілдірген, құрылыс салушыдан ең жеңіл құтылудың тәсілі — құқықтық қайта табыстау. Астананың адвокаттар алқасының мүшесі Гульнара Айтжанованың сөзі бойынша талап ету құқығын басқаға беру үлескер шарттың бағасын төлегеннен кейін немесе бір мезгілде борышын жаңа үлескерге аударғаннан кейін ғана мүмкін болады. Мұның барлығы «Тұрғын үй құрылысындағы үлестік қатысу туралы» заңда белгіленген. Құқықты осылай басқаға беру кезінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартқа өзгерістерде немесе қосымша келісімде үлескер тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын жайдағы үлесті талап ету құқығын басқаға беретін, ал жаңа үлескер оған ие болатын құн туралы ақпарат болуға тиіс. Үлескердің тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша талап ету құқығын басқаға беруіне шарттар есепке алынған кезден бастап салынған тұрғын үйдегі тиісті үлесті беру туралы актіге тараптар қол қойған кезге дейін жол беріледі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

**Список использованной литературы:**



1 «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңы. 16 сәуір 1997. <http://adilet.zan.kz/>.

2 Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий.// Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы: Жеті жарғы. 2000 (Басин Ю.Г., Алиханова Г.А., Базарбаев Б.Б., Жанайдаров И.У., Ильясова К.М., Ихсанов У.К., Каудыров Т.Е., Маметова Р.А., Мукашева К.В., Осипов Е.Б., Покровский Б.В., Тулеугалиев Г.И., Худяков А.И., Ченцова О.И.). 800 с. Общий объем 49.17 п.л. Сулейменов М.К. - 4 п.л.

3 Азаматтық құқық. том I. Жауапты ред. М.К. Сүлейменов, Ю.Г. Басин. Алматы. ҚазГЗУ 2003 жыл 736 бет.

4 Гражданское право (общая часть). Учебное пособие. Под ред. Диденко А.Г., Алматы, 2003.

5 Төлеуғалиев Г.И. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы.- Алматы: 2002. - 420 бет.

6 Гражданское право. учебник. Ч.1. / под ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстого. - М.: «Проспект», 1997. - 693 бет.

## ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ / ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

### ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ РЕТІНДЕ СИПАТТЫ БЕЛГІЛЕРІ

**Аманқосов Құрманғали Жандосұлы**

*"Қаржы" білім беру бағдарламасының магистранты*

**Бекқалиев Еркін Қайырғалиұлы**

*"Экономикалық пәндер" кафедрасының аға оқытушысы*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би, 2*

**Мәулина Нұргүл Хасанқызы**

*Экономика ғылымдарының кандидаты, доцент*

*Логистика және көлік академиясы, Алматы, Шевченко, 97*

Мақалада инвестициялардың экономикалық категория ретіндегі ерекше белгілері қарастырылады. Инвестициялардың маңызды сипаттамаларының негізгі түсініктері мен анықтамалары зерттелді.

*Түйінді сөздер:* инвестиция, белгілер, белгі.

---

### СПЕЦИФИЧЕСКИЕ ПРИЗНАКИ ИНВЕСТИЦИЙ КАК ЭКОНОМИЧЕСКОЙ КАТЕГОРИИ

**Аманқосов Курманғали Жандосович**

*Магистрант образовательной программы «Финансы»*

**Бекқалиев Еркін Қайырғалиевич**

*Старший преподаватель кафедры «Экономические дисциплины»*

*Казахско-Русский международный университет, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би, 52*

**Маулина Нургуль Хасановна**

*Кандидат экономических наук, доцент*

*Академия логистики и транспорта, Алматы, Шевченко, 97*

В статье рассматриваются специфические признаки инвестиций как экономической категории. Исследованы основные понятия и определения сущностных характеристик инвестиций.

*Ключевые слова:* инвестиция, признаки, сущность.

---

### SPECIFIC FEATURES OF INVESTMENTS AS AN ECONOMIC CATEGORY

**Amankosov Kurmangali Zhandosovich**

*Master's student of the educational program "Finance"*

**Bekkaliev Yerkin Kayyrgalievich**

*Senior Lecturer of the Department of "Economic Disciplines"*

*Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, Aiteke bi, 52*

**Maulina Nurgul Khasanovna**

*Candidate of Economic Sciences, Associate Professor*

*Academy of Logistics and Transport, Almaty, Shevchenko, 97*


The article discusses the specific features of investments as an economic category. The basic concepts and definitions of the essential characteristics of investments are investigated.

*Keywords:* investment, signs, essence.

Инвестициялар экономикалық жүйенің микро және макродеңгейінде жиі кездесетін категориялардың бірі. Дегенмен де экономикалық ғылыми ой инвестиялардың әмбебап анықтамасын әлі күнге дейін бере алмай келеді. Қазіргі экономикалық әдебиеттердегі инвестициялардың анықтамалары оның мазмұнын толық аша алмай отыр, көп жағдайда тек кейбір жақтарына ғана көңіл бөлінуде.

Көптеген анықтамалар инвестицияларды тек қана капиталдың өсуін мақсат тұтумен немесе ағымдағы экономикалық пайда табуды көздеумен байланыстырады. Капиталды салымдар ұғымында инвестициялар өндірістік немесе өндірістік емес сфералардағы негізгі құралдардың ұдайы өндірісіне салынатын капиталды қарастырады. Ал сонымен қатар инвестициялар материалды емес активтерге де, қаржылық құралдарға да салынатыны аян. Яғни, инвестициялар капиталды салымдар ұғымынан әлде-қайда кең ұғым болып табылады. Сонымен бірге көптеген анықтамалар инвестицияларды ұзақ мерзімді салымдар деп қарастырады. Сөзсіз инвестициялардың басым көпшілігі ұзақ мерзімге салынады, бірақ қысқа және орта мерзімге де салынатын инвестициялар да бар ғой. Мысалы, облигациялар, қысқа мерзімді қаржылық салымдар, депозиттік сертификаттар.

Қазіргі отандық және шетелдік әдебиеттердегі инвестиция түсінігінің көптүрлі түсіндіру оның көпқырлылығымен сипатталады. Сондықтан да бұл категорияның мазмұнын қалыптастыратын негізгі мінездемелік сипаттарына аса көңіл бөлу керек. Инвестициялар кәсіпорынның басқару объектісі ретінде келесідей мінездемелік сипаттамалардан тұрады [1-5]:



Біріншіден, инвестициялар экономикалық басқарудың объектісі ретінде.

Инвестициялар технологиялық, экологиялық, әлеуметтік салалармен тығыз байланыста болғанмен экономикалық қатынасты, экономикалық қызметті білдіреді. Сәйкесінше, инвестициялар экономикалық мүдделерді қамтамасыз ететін микро және макродеңгейдегі экономикалық басқарудың объектісі болып табылады.

Екіншіден, инвестициялар экономикалық процеске жинақталған капиталды тартудың белсенді формасы ретінде. Инвестициялар мен жинақталған капитал бір-бірімен тығыз

байланысты. Бұл инвестициялуға бағытталған экономикалық ресурс болып табылатын капиталдың табиғи мазмұнымен астарлас. Жинақталған капитал тек қана инвестициялау арқылы нақты экономикаға тартыла алады.

Үшіншіден, инвестициялар кәсіпкерлік қызметтің әсерін жинақтаушы қайнар көзі ретінде. Кәсіпорын деңгейінде инвестициялаудың мақсаты экономикалық әсерге қол жеткізу болып табылады. Ал инвестициялардың экономикалық әсерге табысты жинақтау әлеуеттік қабілеттілігімен қол жеткізеді. Инвестициялар табыстың қайнар көзі ретінде инвесторлардың болашақ әл-ауқатын қалыптастыратын маңызды қаражат болып табылады. Сонымен бірге инвестициялардың табыс әкелу сияқты әлеуетті қабілеті лезде жүзеге асып отырмайды, табыс тек инвестициялық объектілерді тиімді таңдау шартымен қамтамасыздандырылады.

Төртіншіден, инвестициялар нарықтық экономика объектісі ретінде.

Кәсіпорындардың пайдаланатын инвестициялық ресурстары инвестициялық нарықта шоғырланады. Инвестициялық нарықта оның бағасы сұраныс пен ұсыныс нәтижесінде қалыптасады. Сондай-ақ инвестициялық тауарлар мен құралдардың бағасы олардың инвестициялық тартымдылығымен сипатталады. Бұл баға инвестициялық нарықтың нақты жағдайларындағы инвестициялық тауарлар мен құралдарға деген сатушылар мен сатып алушылардың экономикалық қызығушылығы мен мүдделерін көрсетеді.

Бесіншіден, тәуекел факторы ретінде. Тәуекел инвестициялардың барлық түрлері мен формаларының ажырамас сипаттамасы болып табылады. Инвестор инвестициялауды жүзеге асыру процесінде міндетті түрде түрлі тәуекелге бел буатыны сөзсіз. Инвестициялық тәуекел кәсіпкерлік қызметтегі табыс табу көзімен тікелей байланысты. Инвестордың инвестициялардан түсетін табыстың деңгейі жоғары болған сайын оның тәуекел деңгейі де соғұрлым жоғары болады, яғни табыстылық деңгейі мен тәуекел деңгейі бір-бірімен объективті байланысы пропорционалды болады [6-8].

Сонымен, «инвестиция» экономикалық категориясының жоғарыда келтірілген мазмұнын қалыптастыратын негізгі мінездемелік сипаттарына талдау жасай отырып, мыныдай қорытындыға келуге болады:

Кәсіпорын инвестициялары қаржының, оның барлық нысандарында пайда табу мақсатында шаруашылық қызметтің түрлі объектілеріне, сондай-ақ басқа да экономикалық және экономикалық емес әсерге жетуге бағытталған, уақыт пен тәуекел факторына байланысты, нарық принциптеріне негізделі отырып жүзеге асады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Асилова А.С. Инвестицияны қаржыландыру және несиелеу: оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2015. – 248 б.
2. Альжанова Н.Ш. Инвестиционное проектирование: Учебное пособие. Алматы: Нур-Пресс, 2016. - 73с.
3. Көшімова М.Ә., Аманиязова Г.Д. Кәсіпорынның инвестициялық қызметі: Оқу құралы.-Алматы: Экономика, 2011.-258 бет.
4. Мамыров М.К. Эффективность инвестиций в промышленном производстве. – Алматы: Экономика, 2014. – 229 с.
5. Мухамедова М. М. Инвестицияларды қаржыландыру және несиелеу: Оқу құралы. – Павлодар: Кереку, 2012. - 63б.
6. Сейтказиева А.М. Инвестиционная деятельность предприятия. Алматы: Экономика, 2008г.
7. Аленова Н. М. Кәсіпорынның инвестициялық қызметі оқу құралы. – Павлодар : Кереку, 2013. - 25 б.

8. Бланк И.А. Основы инвестиционного менеджмента.- Киев.: Эльга-Н, Ника-Центр, 2019.- 536с.

## КӘСПОРЫН ҚЫЗМЕТІН ЖОСПАРЛАУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ, НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

**Ильясов Нұрлыбек Нұрланұлы**

*«Қаржы» білім бағдарламасының магистранты*

**Сағидолла Айбек Кенжеғалиұлы**

*«Қаржы» білім бағдарламасының магистранты*

*Қазақ-Орыс халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе,  
Әйтеке би, 52*

**Сугурова Айнұр Жанатбекқызы**

*Экономика ғылымдарының кандидаты, доцент*

*Логистика және көлік академиясы, Алматы, Шевченко, 97*

Мақалада қазіргі жағдайда кәсіпорын қызметін жоспарлаудың экономикалық мәні мен мазмұны қарастырылады. Жоспарлаудың негізгі принциптері, жоспарлау түрлері, сондай-ақ кәсіпорындағы жоспарлау процесі зерттеледі.

*Түйінді сөздер:* кәсіпорын, жоспарлау, қызмет.

---

## ЭКОНОМИЧЕСКАЯ СУЩНОСТЬ И СОДЕРЖАНИЕ ПЛАНИРОВАНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЯ, ОСНОВНЫЕ ВИДЫ

**Ильясов Нурлыбек Нурланович**

*Магистрант образовательной программы «Финансы»*

**Сағидолла Айбек Кенжеғалиевич**

*Магистрант образовательной программы «Финансы»*

*Казахско-Русский международный университет, 030006, Актөбе, Айтеке би, 52*

**Сугурова Айнұр Жанатбековна**

*Кандидат экономических наук, доцент*

*Академия логистики и транспорта, Алматы, Шевченко, 97*

В статье рассматриваются вопросы экономической сущности и содержания планирования деятельности предприятия в современных условиях. Исследованы основные принципы планирования, виды планирования, а также процесс планирования на предприятии.

*Ключевые слова:* предприятие, планирование, деятельность.

---

## ECONOMIC ESSENCE AND CONTENT OF ENTERPRISE ACTIVITY PLANNING, MAIN TYPES

**Pyasov Nurlybek Nurlanovich**

*Master's student of the educational program "Finance"*

**Sagidolla Aybek Kenzhegalievich**

*Master's student of the educational program "Finance"*

*Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, Aiteke bi, 52*

**Sugurova Ainur Zhanatbekovna**

*Candidate of Economic Sciences, Associate Professor*

*Academy of Logistics and Transport, Almaty, Shevchenko, 97*

Нарықтық жағдай кәсіпорындағы жоспарлаудың белгілі бір мақсатты бағыты мен сипаты болуын талап етеді. Дер кезінде кәсіпорынға ықпал ететін сыртқы факторларын (бәсекелестердің, өткізу нарығының, тұтынушылардың және т.б.) ескеру, алдағы ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, экологиялық, саяси және басқа да өзгерістердің ықпалын анықтауға ұмтылу керек.

Мемлекеттік органдардың бұрынғы функциялары кәсіпорынға тікелей өтеді: кәсіпорын деңгейінде өз бетінше дамудың ұзақ мерзімді стратегиясын жасау қажеттілігі туындайды. Осыдан зауыттық жоспарлаудың қағидалары мен түрлері өзгереді. Ағымдағы жоспарлаудың шеңбері санаулы болады, бұл болашағы бар жоспарлаудың қажеттігін меңзейді. Болашақ жоспары стратегиялық мақсатты көрсететін ағымдағы жоспарлау үшін басты бағыт болады және ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың негізгі қызметі болып табылады. Өз кезегінде ағымдағы қызметтің жылдық нәтижесі шаруашылық жағдайлардың өзгерісін ескере отырып, болашақ жоспарды кезінде түзету үшін пайдаланылады. Басқаша айтқанда өзгермелі жоспарлау қағидасы қолданылады.

Барлық басқару функциясының ішінде жоспарлау ең елеулісі болып табылады, өйткені мұның өзі кез-келген балама әрекеттерді таңдап алуға байланысты. Жоспарлау кәсіпорын басшылығындағы негізгі функциялардың бірі ғана емес, оның өзі жеке төрт функцияда (ұйымдастыру, кадрлармен жұмыс істек, басшылық, жетекшілік және бақылау) көрініс табады. Сонымен, басшы ұйымдастырады, кадрлармен жұмыс істейді, бағыттайды және басшылық етеді, сондай-ақ жоспарға сәйкес көзделген мақсатқа жету үшін бақылайды.

«Жоспарлау» ұғымына мақсатты айқындау және оған жету жолдары енеді: батыста кәсіпорынның әрекетін жоспарлау, өткізу, қаржы, өндіріс және сатып алу секілді маңызды бағыттар бойынша жүзеге асырылады. Мұндайда, әрине, барлық жоспарлар бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Жоспарлау процесінің өзі төрт кезеңінен тұрады[1,2]:

- жалпы мақсатты ойластыру;
- белгіленген біршама уақыт кезеңіне (2, 5, 10 жылға) арналған нақтылы мақсатты айқындау;
- оған жетудің жолдары мен амалдарын айқындау;
- жоспарлы көрсеткіштерді нақты көрсеткіштермен салыстыру арқылы қойылған мақсатқа жетуді бақылау.

Басқарушылық саласына қатысты «жоспарлау» түсінігін кең және тар ауқымды деп қарастыруға болады. Жоспарлау қызметінің кең түсінігінде – мақсат құру, болжау, сонымен қатар орындалу мен қадағалау әрекеттерін ұйымдастыруын анықтайды [3]. Тар мағынада жоспарлау қабылданған жоспарлардың орындауын болжау және ұйымдастыру кезеңдері арасындағы оқшауланған кезең, басқарушылық цикл ретінде қарастырылады. Аталған екі түсініктеме бір-біріне қарама-қайшы келмейді және бірін-бірі толықтырады.

Жоспарларды жасау қажеттілігі көптеген факторлармен келісілген, олардың ең маңыздылары: келешектің белгісіздігі, фирманың әр түрлі бөлімшелерінің қызметін үйлестіру қажеттілігі, ресурстардың шектеулігі және т.б. Жоспарлау барысында отандық тәжірибесімен бірге, дүниежүзілік практикасының қазіргі замаңғы амалдары да алынады.

Қазіргі заманғы экономикалық орта жоғары жылдамдық пен өзгерістер үздіксіздігімен сипатталады. Бұл жағдайларда кез келген кәсіпорынның өзін-өзі сақтап қалуы, дамуы мен көркеюі көбінесе оның менеджментінің дер кезінде болуы мүмкін өзгерістерді болжап, олардың салдарына бейімделуге мүмкіндік беретін шешімдерді қабылдау қабілеттілігімен анықталады.

Жоспарлаудың негізгі міндеттері[4]:

- кәсіпорынның болашағы бар даму бағыттарын анықтау;

- барлық бизнес-үдерістердің, жеке бөлімшелердің, қызметтердің және қызметкерлердің мақсаттық бағдарлануы, шоғырлануы мен үйлесуі;
- әлеуетті тәуекелдерді тауып, олардың деңгейін төмендету;
- сыртқы экономикалық ортаның өзгерістеріне бейімделу, икемділікті жоғарылату.

Қаржылық жоспарлаудың көмегімен белгіленетін болжамдар нақтыланады, нақтылы жолдар, көрсеткіштер, өзара үйлесілген міндеттер, оларды іске асырудың дәйектілігі, сондай ақ таңдалынған мақсатқа жетуге көмектесетін әдістер анықталады.

Қаржылық жоспарлау – қаржы жоспарларын (тапсырмаларын) әзірлеу, қаралған мерзімде оларды орындау, белгіленген мақсаттарға жету. Жоспарлау - басқарудың элементі ретінде қаржы саясаты құралдарының бірі. Ол ірі шаруашылық өзгерістерді байсалды және елеусіз жасауға мүмкіндік туғызады[5].

Қаржылық жоспарлаудың объектісі шаруашылық жүргізуші субъектілері мен мемлекеттің қаржылық қызметі, ал қорытынды нәтижесі қаржы жоспарлары мен жеке мекеменің сметаларынан бастап мемлекеттің жиынтық қаржы жоспарына дейінгі қаржы жоспарларын жасау болып табылады. Әрбір жоспарда белгілі бір мерзімге белгіленген кірістер мен шығыстар, қаржы және кредит жүйелерінің буындары мен байланыстары анықталады. Қаржылық жоспарлау фирма қызметін жоспарлау жүйесінің маңызды бөлігі болып келеді де, негізгі назарын инвестициялық, қаржы және операциялық саясатының негізгі элементтеріне аударады. Олардың маңыздылары[5,6]:

- активтердің әр түрлеріне қажет инвестициялар;
- қаржы қорларға қажеттілік және оларды тарту көздері;
- келешек табыстарды үлестіру; фирманың қаржылық тұрақтылығы мен операциялардың тиімділігі араларында ымыраны іздеп табу және т.б.

Қаржы жоспарын әзірлеу мүмкіндік береді[7]:

- қойылған мақсаттарды нақты құндық көрсеткіштер түрінде білдіру;
- кәсіпорынның әр түрлі бөлімшелерінің өзара-әрекеттестігін қамтамасыз ету;
- фирманың әр түрлі даму түрлерін анықтап, талдау, инвестициялар көлемдерін және қаржыландыру тәсілдерін;
- келеңсіз оқиғалардың болуы мүмкін жағдайға шаралар бағдарламасын әзірлеу.

Жоспарлаудың болмысы ұйымның мақсатына жету барысында ұйым мүшелерінің дара күштерін оңтайлы түрде мақұлдаумен түсіндіріледі. Бұндай келісім екі негізгі аспектен тұрады. Біріншіден бұл – ұйымның жеке дара мүшелері мен бөлімшелері арасындағы функционалды міндеттерді бөлу, олардың негізгі міндеттерін анықтау және ортақұйымдық мақсаттармен түйіндеу. Бұл – мазмұнына қарай жоспарлау. Екіншіден – бөлімшелер мен жеке орындаушылардың міндеттерін хронологиялық үйлестіру, оңтайлы кезекте орындалуын анықтау. Бұл – уақыт бойынша жоспарлау. Бірінші жағдайда орындалушылардың қандай атқаратынын анықтаса, екіншісінде қай уақытта және қандай кезекте жасалынатыны қарастырылады. Нәтижесінде ұйымның әр саласындағы біріккен қызметі мазмұнды әрі уақытша тәртіптілікке ие болады, олардың күштері бірігеді, ал ұйым қызметі бүтін және үйлесімді сипатқа ие болады.

Осылайша жоспарлау басқарудың негізгі қызметін қамтамасыз етеді. Басқарудағы жоспарлаудың басты рөлі мекеменің өзге де бөлімшелері атқаратын қызметтердің күрделілігі мен алуаныдығының үйлесуі.

Алғаш жоспарлаудың ортақ қағидаларын А.Файол тұжырымдаған. Әрекет бағдарламалары немесе өндіріс жоспарын жасауға бағытталған негізгі талаптар ретінде 5 қағидат құрылған [8].

1. Оңтайлылық принципі барлық кезеңдегі жоспарлаудың бірнеше мүмкін баламаларының ең үздік нұсқасын таңдауды қажеттілігімен түсіндіріледі.



2. Тепе-тепдік қағидасы, яғни кәсіпорынның қорлары мен мүмкіндіктерінің теңдестірілген есебі.

3. Ғылыми қағида, яғни ғылым және техниканың соңғы жетістіктері есебі.

4. Талдап тексеру қағидасы, яғни жоспарлаудың тереңдігінің деңгейі

5. Қабылдаудың қол жетімділік қағидасы, яғни жоспарды әзірлеуші мен қолданушылардың түсіну деңгейіне сай келуі.

Жоспарлау әрқашанда бұрынғы деректерге сүйенеді, алайда кәсіпорынның болашақтағы дамуын айқындауға және бақылауға тырысады. Сондықтан да, жоспарлаудың сенімділігі бұрынғы нақты көрсеткіштердің дәлдігіне тәуелді. Мұндай сенімділікті қамтамасыз ету бухгалтерлік дәл есепсіз және ауқымды статистикалық қажетті базаға ие болмай мүмкін еместігі айқын. Кәсіпорын әрқашанда жалпы рыноктың шағын бөлігі ғана болып саналатыдықтан, ел экономикасын дәл жоспарлау үшін дәл ақпаратты мүмкіндігінше көбірек алу қажет[9].

Егер кәсіпорынның дамуы нақты елдегі жалпы экономикалық дамуымен қатар өтуі міндетті болмаса, онда рынок көрсеткіші кәсіпорынды жоспарлаудың бастапқы деректері болып саналады. Кәсіпорын неғұрлым ірі болса, әдетте, жоспарлау, соғұрлым оңайырақ болады. Дегенмен, ірі кәсіпорындарға қарағанда, ұсақ кәсіпорындарда басшылар үшін кейбір факторлар едәуір айқынырақ болады.

Кәсіпорында жоспар жасау үшін, қажетті ақпараттар толық болмағандықтан, ал кейбіреуі мүлдем белгісіз болғандықтан, кейбір деректер жетіспейтіндіктен, жоспарлау сатысы көбінесе қызметкерлердің өз ісін қаншалықты жетік білетіндігіне байланысты.

Осыған орай, жоспар жасаған кезде барлық көрсеткіштер толық пайдалануы, сонымен қоса жоспар жасағанда өзгеріс енгізетіндігі ойластырылуы, ал жоспардың өзі жоспардың өзгеруіне қарай үйлестіріліп отыруы тиіс. Сондықтан да, жоспарда резервтер ескеріледі. Алайда, резервтің көп болуы жоспардың көптігіне нұқсан келтіреді, ал шамалы резервтер жоспарды жиі-жиі өзгертуге мәжбүр етеді. Жоспар көрсеткіштерін нақты басшының билігінде, оның орындалуын үйлестіру мен бақылау да соның игілігінде.

АҚШ-тың шаруа фермері ауыл шаруашылық кезеңге ауыл шаруашылығы өнімдеріне жыл басындағы қалыптасқан биржалық бағаға, тасымалдық қызмет бағасына, ауа райы жағдайына байланыс әрекет ету жоспарын жасайды (қандай сортты егу, қандай көлемде, қанша, кімге қандай өнімді сату туралы).

Демек, кәсіпорынның жоспарлы жүйесі, кәсіпорынның сан түрлі саласының қызметі бір-бірінен айқын шектелген, жекелеген жоспардан тұрады. Қойылған мақсатқа жетуді көздеу үшін жоспарлау кәсіпорын қызметінің барлық маңызды учаскелерін қамтитындығын тағыда атап көрсетеміз. Мұның өзі барлық кәсіпорында қолданылады.

Жоспардың екінші сатысы – кәсіпорын учаскелері өндірісінің нақты бағыттары бойынша жоспар жасау. Онда жекелеген міндеттер қойылып, ақша, сондай – ақ сандық көрсеткіштері айқындалады. Мұнда жоспарлау кезінде осал орындар, басқаша айтқанда, кәсіпорын қызметінің маневрлігін, демек істің даму мүмкіндігін шектейтін салалар қатыстырылмауы тиіс.

Барлық жоспардың табыс және шығын бөліктерінің сальдосы (актив пен пассив жиынтығы) бюджетке, яғни шығын мен табыс жоспарына енгізіледі, өйткені мұндайда негізгі бағыт өтімділігі – кәсіпорынның төлем қабілетін сақтау болып саналады. Әдетте, жекелеген жоспарлар тек сандық көрсеткіштер бойынша жасалады, оларды өзара байланыстырғаннан кейін ғана ақша көрсеткіштерін есептейді.

Батыс кәсіпорындары қызметінің осал тұстары, сату саласы болып саналады, сондықтан да кәсіпкерлік пен басқарудың барлық негізгі салаларында рынок сыйымдылығы мен өткізу көлемін болжамдау негізгі роль атқарады.

Кез-келген қаржы жоспарының нақты бағасы өнімді сату көлемінің мүмкіндігін болжамдауға немесе өткізуден түскен пайда көлемін болжамдауға байланысты. Сол себепте де рынок сыйымдылығы мен өткізу көлемін болжамдау маркетингте және өткізу ісінде айрықша роль атқарып қоймай, басқа да іс-әрекет бағытында шешуші фактор болып саналады. Мәселен, өндірісте - өндірістік қуат ауқымын жоспарлағанда, жабдықтауда – шикізат қажетін, ал қаржы саласында – ақша айналымы мен күрделі қаржыны жоспарлағанда болжамдау ерекше қажет.

Маркетинг пен өткізу саласында жоспарлаудың ең шешуші пункт мынадай көрсеткіштерді анықтау болып саналады[10]:

- қысқа мерзімдік: өнімнің әр түрін өткізу (көлемі және құны), географиялық бағыт бойынша өткізу (көлемі және құны), бәсекелестер бағасы, сауда қызметкерлеріне қойылатын мақсатты нұсқаулар, қор деңгейі;

- орташа мерзімдік: өнім категориясы бойынша өткізудің жалпы өткізу, бағалар, жалпы экономикалық жағдай, рынокқа тауар жеткізілуінің ерекшеліктері, жаңа өнімдерді енгізу;

- ұзақ мерзімдік: өнім категориясы бойынша өткізудің жалпы көлемі, рынок орындарына тауарды толтыру, жаңа өнімдерді енгізу, рыноктағы бұрынғы өнімдерді әкету, маркетингті зерттеудің маңызды ерекшеліктері, т.б.

Болжамдаған кезде, тек қысқа мерзімді ғана емес, сондай ақ орташа және ұзақ мерзімді бағалау мен болжамдауды ескеру керек. Соңғы екі уақыт мүмкіндігіне жататын факторлар ішінара болуы мүмкін, алайда олар қысқа мерзімдік болжамдауға елеулі ықпал етеді (мәселен, технологияның өзгеруі, кез келген артық материалдардың қолайлылығы, т.б.). Рынок сыйымдылығы, өткізу көлемі мен бюджет аралықтарындағы байланыстарды үш түрлі тәсілмен анықтауға болады[11]:

- рынок пен өткізу болжамы дегеніміз, нақты тауар мен қызметтің заттай түрінде болашақта өткізілуі (өткізудің сандық көрсеткіштің болжамы) және нақты, әрі потенциалды клиенттердің белгілі бір уақыт аралығында (қысқа, орташа және ұзақ мерзімде) тауарды өткізуден түскен пайда құнының болжамы;

- бюджет дегеніміз, табыстардың, шығындардың және белгілі бір уақыт кезеңінде сатылған өнім санының мүмкіндігі туралы қаржы құжаты;

- рынок сыйымдылығы мен өткізу көлемінің болжамы сол уақытта бюджет болады, егер оны компаниядағы жалпы қызметке жауаптылар қарап, бекітетін болса.

Жоспар жасаудың алғашқы қадамы бастапқы ақпарат жинау болып саналады, өйткені мұның өзі рынок туралы толық мағлұмат береді.

Жоспарлаудың директивті және индикативті түрлері де белгілі. Директивті жоспарлау оны орындайтын бөлім үшін міндетті болып саналады. Директивті жоспарлау нарықтық қатынаста балама түрінде бола отырып, мемлекеттік басқару мен кәсіпкерлікте, мысалы, кәсіпорында ағымдағы жоспарлау үшін қолданылады. Индикативті жоспарлау макродеңгейде жиі қолданылады. Индикативті жоспарлаудың тапсырмасы орындалуы міндетті болмайды. Олар әлеуметтік-экономикалық саясат бағамындағы мемлекеттік басқару органының әзірлеуі мен қалыптасуы нәтижесінде анықталынған елдің экономикасының даму бағыты мен көрсеткіштерін сипаттайды.

Кәсіпорын индикативті жоспарды келесідей нысандардың бірінде жүзеге асыруда қатыса алады[12]: 1) республикалық немесе аймақтық мақсатты кешенді бағдарламаларда қатысу; 2) өнімді жеткізу, мемлекеттік қажеттілік үшін қызмет пен жұмыстардың орындалуы. Индикативті жоспарлау микродеңгейде де, оның ішінде болашақты жоспарлауды құруда және жасауда қолданылады.

Мазмұны, мақсаты және міндеттеріне байланысты жоспарлаудың келесідей нысандарын саралауға болады. Жоспар ұзақтығы бойынша келесілерге бөлінеді[13]: 1) ұзақ

мерзімді жоспарлау; 2) орташа мерзімді (бір жылдан жоғары) жоспарлау; 3) қысқа мерзімді (ағымдағы) жоспарлау.

Банк менеджментінің теориясы мен тәжірибесінде жоспарлаудың келесі түрлері кездеседі (Кесте 1) [14].

Кесте 1

Жоспарлаудың басты түрлері мен сипаттамалары

Жоспарлау-дың түрлері	Мінездемесі
Стратегиялық жоспарлау	Ұзақ мерзімді жоспарлаудағы банктің борышын, оның мақсаттары мен міндеттерін, басымдық және перспективалық дамуын анықтауды бағамдайды
Ағымдағы жоспарлау	Бизнес-жоспардың орындалуы мен орындалу болжамының (тоқсандық және айлық) мониторингі, сонымен қатар ағымдағы жағдайға қатысты жөнделген және бейімделген іс-әрекеттер жиынтығы.
Бизнес-жоспарлау	Стратегиялық мақсаттар және перспективалық банктік қызметтерді ендіру, сонымен қатар банктің тәуекел деңгейінің шектеуінде оңтайлы қаржылық жетістіктерге жетуге қол жеткізетін нақты шешімдер жолын анықтайды. Бизнес-жоспар стратегияны қысқа мерзім ішінде (әдетте 1-3 жыл) анықтайды және орта мерзімді сипатқа ие.
Процесстік жоспарлау	Банктің бизнес-процестерінің қалыптасу, даму және оңтайландырудың міндеттері мен әрекеттері жоспарын анықтайды. Соның ішінде: банк өнімдерін сатудағы жоспарлық тапсырмалар, сандық көрсеткіштер, несиелік портфельдер, комиссиялық кірістер жатады.
Қаржылық жоспарлау (бюджеттеу)	Банктің қор мүмкіндігі мен нәтижелілік көрсеткіштердің үйлестірілген жүйесінің дамуының бүкіл жоспарын келістіруге көзделген. Оның жоспарлау шегі мен қамту кеңдігі жоспарлау әрекетінің түріне және қандай қаржылық құрылым элементіне тағайындалып жатқанына байланысты
Стратегиялық жоспарлау	Ағымдағы қызметтің дамуы мен банктің үстеме шығындарының көлемі және қажетті капитал шығындарын анықтау жайлы, сонымен қатар несиелік ұйымның жаңа бағдарламалары мен жобалар сұрақтар қозғайды. Бұл бюджеттеудің құрамдас бөлігі болып табылады.
Маркетингтік жоспарлау	Банк өнімдері, сонымен қатар онымен байланысты маркетингтің кешендерін әзірлеу және дамытуға бағытталған.
Ресурстық жоспарлау	Банктің ағымдағы және келешектегі мәселелерін шешу мақсатында қажетті білікті персонал жинақтауға, сонымен қатар оларды стратегиялық мақсаттарға жетуге ынталандыру көзделген. Шартты түрде: дербес құрылымдық бөлімшенің ресурстық жоспары, жұмысшыларға арналған жұмыс орындарының есебі, қолданыстағы желінің ресурстық жоспары және жоспар тұрпаты, қосымша кеңселер, несиелік-кассалық кеңселер, несиелік-кассалық кеңселер, банктің операциялық кеңселері.
Ескерту – [14] дерек көзі негізінде құрастырылды	

Маркетинг, кәсіпкерлік, инвестициялау, инновация облысында қабылданатын көптеген шешімдер болашақта болатын жағдайларды бағалауға негізделген, яғни болашақта болатын жағдайлардың болжамы болады. Жоспарланған нысанның немесе үдерістің дамуының әр түрлі баламаларын болжау көмегімен анықтау және тиімді баламаны таңдауды негіздеу болжауды болашақты жоспарлаудың кезеңдерінің бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Орташа мерзімді жоспарлау бір жылдан бес жылға дейін жасалынады. Ағымдағы жоспарлау бір жылға дейінгі кезеңде жүзеге асады және жарты жылдық, тоқсандық, айлық, апталық және тәуліктік жоспарлаудан тұрады. Жекелеген кәсіпорындар орташа мерзімді жоспарлауды ағымдағымен біріктіреді: өзгермелі бес жылдық (үш жылдық) жоспар құрылады, онда бірінші жыл ағымдағы жоспар деңгейіне дейін бөлшектеліп көрсетіледі. АҚШ-та кәсіпорындарда жоспарлау бір жылдан үш жылға дейін жүзеге асады. Жапонияда жоспарлар корпорацияларда 5 жылдан 15 жылға дейін жасалады. Жылдық жоспарлар әсіресе нарықтық экономикаға өтуге дейінгі соңғы жылдары жиі реттеліп отырды. Сондықтан кәсіпорынның ағымдағы қызметін жоспарлаудың негізі тоқсандық және айлық жоспарлар болды. Қазіргі уақытта «өмір сүру» мәселесі бар кәсіпорындарда кәсіпорынның ағымдағы қызметін жоспарлау негізі тоқсандық және айлық жоспарлар болып табылады.

Жоспарлау бірқатар қағидаларға негізделеді, олар: бірлік, қатысу, толассыздық, икемділік, тиімділік[15].

Бірлік қағидасы жоспарлау жүйелі сипатты болу екендігін ұйғарады. Кәсіпорын біріңғай күрделі, көп деңгейлі әлеуметтік-экономикалық жүйе ретінде қаралады. Бұндай жүйенің элементтері - жеке бөлімшелер, олардың өзара байланыстары мен бизнес-үдерістері, сонымен бірге пайдаланатын ресурстар. Осы элементтердің әр қайсысы жоспарлау функциясымен қамтылады.

Жоспарлар бірлігі экономикалық мақсаттардың - бірдейлігі мен жүйенің барлық элементтерінің өзара әрекеттестігін білдіреді. Элементтердің өзара әрекеттестігі тік жол бойынша ықпалдасу және саралау әдісімен, ал көлденең жол бойынша - құрылымдық бөлімшелердің жоспарларын үлестіру тәсілімен іске асырылады.

Қатысу қағидасы - кәсіпорынның әр бөлімшесі, әр қызметкері жоспарлау қызметінде қатысуға тиісті. Нәтижесінде, жоғары менеджмент орын алған проблемалар мен оларды шешу жолдары жөніндегі тұтас көрінісін, ал орта мен төменгі тізбегінің қызметкерлері - өз бөлімшесінің қызметі, оның басқа бөлімшелерімен өзара байланысы, шаруашылық қызметінің жалпы нәтижесіне қосқан үлесі жөнінде терең ұғым алады.

Толассыздық қағидасы - кәсіпорында жоспарлау қағидасы жүйелі түрде іске асырылуы керек, ал әзірленген жоспарлар - бір-бірін ауыстырып отырады. Жоспарлаудың толассыздығы сыртқы және ішкі ортаның өзгерістеріне байланысты қызмет бағдарламасын дер кезінде түзетіп бейімдеуге мүмкіндік береді.


Икемділік қағидасы - толассыздық қағидасымен тығыз байланысты, ол кәсіпорынның белгіленген көрсеткіштері мен шаруашылық қызметінің негізгі параметрлерін үйлестіруде және түзету мүмкіндігінде тұрады. Практикадағы оның іске асыруы арнайы қорлардың, «қауіпсіздік жастықтардың» құруын ұйғарады. Мысалы, қаржы менеджері фирма үшін артық «несие әлеуетін» сақтауға тиісті, ақша керек болған жағдайда займды тез тарту үшін. Өндіріс аясында бұндай қорлар артық қуаттардың құруымен, іске асыруы аясында - клиентураны дайын өнімнің артық қорларымен әртараптандыру және т.б. қамтамасыз етіледі.

Тиімділік қағидасына сәйкес жоспарлауға шыққан шығындар оны қолданудан алынған нәтижелерінен аспауға тиісті. Нарық жағдайларында кәсіпорынның қызметін жоспарлау - күрделі, көп деңгейлі үдеріс.

Қазіргі заманғы фирманың жоспарлау сызбасы 1- суретте көрсетілген. Жоспарлау үдерісі фирма миссиясының тұжырымынан басталады. Миссияға кіретіндер[16]:

- фирманың бар болуының (өмір сүруінің) мақсатын тұжырымдау;
- қызмет аясын, сонымен бірге ұсынылатын өнімдер мен қызмет көрсетулерді сипаттау;
- корпоративтік «құндылықтарды», көзқарастар мен қағидаларды ашу;
- әлеуметтік-қоғамдық міндеттемелер және т.б.

Миссия - бизнестің жалпы «философиясын» білдіреді, бірақ онда ұзақмерзімді немесе жақын болашаққа менеджменттің міндеттері мен мақсаттық бағдарлары жоқ.



Сурет 1. Кәсіпорындағы жоспарлау үдерісі

Өз миссиясын анықтап, кәсіпорын оны іске асыруға бағытталған стратегиясын әзірлеуге тиісті.

Ортаны талдау – келешекте экономикаға әсер ететін ең маңызды факторларды табу. Ортаны талдау сыртқы және ішкі ортаның негізгі элементтерін анықтаудан басталады. Сонан соң олардың санынан ең маңыздыларын таңдап, қажет ақпаратты жинайды да, оны өңдеп, бағалайды.

Бұндай зерттеудің ажыратылмайтын бөлігі – кәсіпорынның қаржы қызметінің жағдайларын зерделеу және оларды жоспарланған кезеңде өзгерту мүмкіндігі. Бұл кезеңде қаржы нарығының конъюктурасы талданып, кәсіпорын қызметіне олардың ықпалының болжамы жасалады.

Ішкі және сыртқы орта элементтерін талдаудың соңғы нәтижесі – кәсіпорынның келешек қызметіне олардың оң және теріс ықпалын табу. Алынған нәтижелер бизнестің даму стратегиясының мүмкін нұсқаларын әзірлеу үшін пайдаланады.

Стратегиялық жоспар кәсіпорынның қызмет бағыттарының, мақсаттары мен міндеттерінің тұжырымын білдіреді[17].

Әдетте стратегиялық жоспарлау ұзақ уақыт кезеңін қамтиды – 5 жылдан бастап 10 жылға дейін, кейде одан да көп. Біздің отандық кәсіпорындары үшін стратегиялық жоспарлау мерзімі қысқа, 3-5 жыл. Стратегияны әзірлеу үшін жауапкершілік – кәсіпорынның жоғары басшылығында. Осылайша болашақтық жоспарлау стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған ұзақ мерзімді жоспарларды қалыптастырудан тұрады. Стратегиялық жоспарлау - сыртқы ортаның басты факторы ретінде нарықтық мүддеге, нарықты есепке алуға жоспарлауды айқын бағыттау болып табылады. Стратегиялық басқарудың құрамдас элементі ретінде стратегиялық жоспарлау - балама нұсқаны іздеудің көп кезеңді үдерісі, олардың ең тиімдісін таңдау, осы таңдаудың негізінде жалпы даму стратегиясын құру, оны жүзеге асырудың арнайы тетігін қалыптастыру.

Әлемдік тәжірибе бойынша көбінесе ұзақ мерзімді және стратегиялық жоспарлау түсінігі қолданылады. Ұзақ мерзімді жоспарлау дамудың қалыптасқан үрдісінің алдағы уақытта болатынын және оларды жоспарлау үлгісінде болашақты бағалау үшін негіз болады. Болашақтағы дамуға өткен заңдылықтармен құрылымдық сипаттамаларды ауыстыру, мұндай ыңғайдың ерекшелігі мен кемшілігі болып табылады, себебі болашақ өткен кезеңге қарағанда жақсы болатындығына үміттелінеді. Стратегиялық жоспарлаудың негізі болып «мақсат ағашын» және жоспарлау бағдарламасын құру, жағдайлық үлгінің негізінде жоспарлар жасау, шаруашылық әрекеттер баламаларын сарапты және матрицалық бағалау және т.б. саналады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президентінің «Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2022 жыл
2. Финансы: Учебное пособие/ Под ред. проф. А.М. Ковалевой. – М.: Финансы и статистика, 2017. -60с.
3. Глухов В.В., Бахрамов Ю.М. Финансовый менеджмент /Учебное пособие – СПб: Специальная литература. Санкт-Петербург, 2015-429с.
4. Балабанов Т.И. Основы финансового менеджмента. Как управлять капиталом? - М.: Финансы и статистика, 2015.- 57с.
5. Стоянова Е.С.Финансовый менеджмент.-М.: Перспектива, 2012,-47с.
6. Балабанов И.Т. и др Игровой практикум по финансам. М.: Финансы и статистика. 2017 год
7. Ковалев В.В. Введение в финансовый менеджмент. М.: Финансы и статистика. 2011 г.- 76 с.
8. Павлова Л.П. Финансовый менеджмент/ Управление денежным оборотом/ -М.: Финансы и статистика, 2013.-160с.
9. Ипотечно-инвестиционный анализ. Учебное пособие /под ред. Проф. В.Е. Есипова – СПб,2018.-207с.
10. Теплова Т.В. Финансовый менеджмент: управление капиталом и инвестициями. - М.: ГУ ВШЭ, 2009. -504с.
11. Финансы предприятия: Учебное пособие /Под ред. Е.И. Бородиной. – М.: Банки и биржи, 2015.
12. Шеремет А.Д., Сайфулин Р.С. Финансы предприятий. – М., ИНФРА – М.: 2016.
13. Шеремет А.Д., Сайфулин Р.С. Финансы предприятий. – М., ИНФРА – М.: 2018.
14. Финансовый менеджмент: Учебник./Г.Б. Поляк, И.А.Акодис, Т.А. Краева и др. – М.: ЮНИТИ, 2017
15. Рэдхэд К., Хьюс С. Управление финансовыми рисками./ Пер. с англ. – М.: ИНФРА-М, 2016. – 112 с.
16. Уткин Э.А. Риск-менеджмент. – М.: ЭКМОС, 2018. – 288 с.

## КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕР БАНКТІК БӘСЕКЕЛЕСТІКТІҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ РЕТІНДЕ

**Муканова Алина Ахметжановна**

*«Қаржы» білім бағдарламасының магистранты*

**Матякупова Намира Замирқызы**

*«Қаржы» білім бағдарламасының студенті*

**Алдан Нұрлан Нұрбайұлы**

*«Қаржы» білім бағдарламасының студенті*

*Қазақ-Орыс халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би, 52*

Мақалада коммерциялық банктердің қызметі Қазақстандағы банктік бәсекелестіктің негізгі субъектісі ретінде қарастырылған. Коммерциялық банктердің қызмет ету ережелері мен механизмдері нормативті талаптар негізінде талқыланған.

*Түйін сөздер:* коммерциялық банк, бәсекелестік, қызмет ету.

---

## КОММЕРЧЕСКИЕ БАНКИ КАК СУБЪЕКТЫ БАНКОВСКОЙ КОНКУРЕНЦИИ

**Муканова Алина Ахметжановна**

*Магистрант образовательной программы «Финансы»*

**Матякупова Намира Замирқызы**

*Студент образовательной программы «Финансы»*

**Алдан Нурлан Нурбаевич**

*Студент образовательной программы «Финансы»*

*Казахско-Русский международный университет, 030006, Актөбе, Айтеке би, 52*

В статье рассматривается деятельность коммерческих банков как основных субъектов банковской конкуренции в Казахстане. Раскрыт механизм и правила функционирования коммерческих банков согласно нормативным требованиям.

*Ключевые слова:* коммерческий банк, конкуренция, функционирование.

---

## COMMERCIAL BANKS AS SUBJECTS OF BANKING COMPETITION

**Mukanova Alina Akhmetzhanovna**

*Master student of the educational program "Finance"*

**Matyakupova Namira Zamirkyzy**

*Student of the educational program "Finance"*

**Aldan Nurlan Nurbaevich**

*Student of the educational program "Finance"*

*Kazakh-Russian international University, 030006, Aktobe, Aitek bi, 52*

The article deals with the activities of commercial banks as the main subjects of banking competition in Kazakhstan. The mechanism and rules for the functioning of commercial banks in accordance with regulatory requirements are disclosed.

*Key words:* commercial bank, competition, functioning.

Коммерциялық банктер - кәсіпорындар мен ұйымдарға, сондай-ақ халыққа тікелей және жан-жақты кешенді қызмет көрсететін банктер. Сондықтан да олардың басқа арнаулы несие мекемелерінен айырмашылығы осы. Ал банктік емес несие мекемелерінің банктерден өзгешелігі олар тек кейбір банктік операциялар жүргізумен және кейбір қызмет түрін көрсетумен шұғылданады. Коммерциялық банктердің негізгі мақсаты - неғұрлым жоғары пайда табу.

Қазақстан Республикасында Коммерциялық банктер өз қызметін 1995 жылы 30 наурызда қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» және 1995 жылдың 31 тамызында қабылданған «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңын (19.09.2022 жылдың толықтырулары мен енгізулерін есепке ала отырып) басшылыққа алады.

Коммерциялық банктер банктік жүйенің екінші деңгейін білдіреді, сонымен қатар банктік ресурстарды шоғырландыра отырып, заңды және жеке тұлғаларға кең көлемде банктік операциялар мен қаржылық қызметтерді жүзеге асырады [1,2].

Қазіргі жаһандану жағдайындағы банктік жүйе 1990 жылдың аяғынан бастап қалыптасты, яғни қазақстандық банктік жүйенің небары 30 жыл тарихы бар.

Коммерциялық банктер клиенттер үшін бүкіл операциялық қызметтерді орындайтын ақша нарығының жұмыс жасаушы «әмбебап» буыны ретінде қатысады.

Коммерциялық банктердің лицензиясының өзіндік стандартты формасы бар және онда айналысатын қызмет түрі жазылады. Елімізде берілетін лицензияның дамыған шетелдерден айырмашылығы әмбебаптығы болып табылады.

Банк операцияларын жүзеге асыруға алатын лицензиядан басқа Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюталық операцияларды жүзеге асыруға Бас лицензия алады. Бас валюталық лицензия оларға өз қызметін жүзеге асыруға қажетті саналатын банктер қатарымен корреспонденттік қатынастар орнатуға, сондай-ақ дамыған шетелдерде өз филиалдары мен өкілеттігін ашуға құқық береді.

Сонымен бірге, Қазақстандық коммерциялық банктерге бағалы металдармен операцияларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі лицензия береді.

Қазақстан Республикасы Конституциясына және заңдарына сәйкес банк емес несие мекемелері өзінің негізгі немесе қосымша қызметтері ретінде депозиттер қабылдауға құқы жоқ.

Сонымен бірге өзінің атауында, құжаттарында, хабарландырулар мен жарнамаларында «банк» деген сөзді, ия болмаса депозиттер қабылдап, басқа банктік операциялар жүргізеді немесе банк ісіне аудиторлық бақылау жүргізеді деген ұғым қалыптастырылатын туынды сөздерді қолдануға тыйым салынады. Бұндай тыйым Ұлттық банкке, банктердің филиалдары мен өкілдіктеріне, халықаралық қаржы ұйымдарына қолданылмайды.

Мемлекеттік банктің лицензиясыз жүзеге асырылған банк операциялары жарамсыз деп табылады.

Егерде банк мемлекеттік банк болмаса және банкпен мемлекет өзара міндеттеме алмаған жағдайда банктермен мемлекет бір-бірінің міндеттемелеріне жауапты емес.

Банк жүйесіндегі екінші деңгейдегі банктер өз қызметтерін үйлестіру, ортақ мүдделерді қорғау және білдіру, бірлескен жобаларды ісіне асыру, сондай-ақ басқа да ортақ мақсаттарын орындау үшін банктік ассоциациялар және одақтар құруға құқылы.

Ассоциациялар коммерциялық ұйымдарға жатпайды, яғни оларды банк жүйесіндегі бәсекелестікті шектеу, процестік мөлшерді реттеу, несие беру және басқа банктік қызметтер жағдайларын үйлестіру мақсатында қолдануға болмайды.



Қазақстанның кез-келген жерінде және оның шекарасынан тыс жерлерде банктер өздерінің еншілес банктерін, филиалдарын және өкілдіктерін ашуына болады.

Коммерциялық банктер алғашында ұсынушы акциясын шығаруға құқы жоқ жабық типті акционерлік қоғам формасында ұйымдастырылады. Егерде банк Ұлттық банктің депозит қабылдауға берген лицензиясын алғаннан кейін бір жыл ішінде үздіксіз шығынсыз қызмет істеп және ақша формасында несие беріп, сондай-ақ жыл бойы Ұлттық банк бекіткен лимиттер мен міндетті нормаларды орындаған жағдайда ашық типті акционерлік қоғам болып қайта құрылғаннан кейін қандай да болсын қосымша артықшылығы болмайды немесе олар басқа акционерлерге қарағанда қандай да бір қосымша міндет атқармайды [3,4].

Коммерциялық банктер құрылтайшылар шарты негізінде құрылып, өзінің жарғысына сай қызмет атқарады.

Банкті құру туралы құрылтайшылар шартында шаруашылық серіктестіктері туралы заңда қарастырылған мәліметтерден басқа міндетті түрде төмендегі анықтамалар болуы керек:

- құрылтайшылар туралы мағлұматтар, оның ішінде олардың әрқайсысының толық фирмалық атауы және тұрған мекені, сондай-ақ оларды мемлекеттік тіркеуден үшін- аты, азаматтығы, тұрған жері және басын куәландыратын құжаттағы белгілер.

- акциялардың мөлшері, категориясы және көрсетілген құны туралы мәліметтер.

Банктердің жарғылық қоры оның міндеттемелерін қамтамасыз етіп, банктік операциялар жүргізудің негізгі көзі болып саналады. Алғашқысы ол (мемлекеттік банкті қоспағанда) акция сату есебінен, ия болмаса құрылтайшылардың жарнасынан қалыптасады [5,6].

Коммерциялық банктердің ұйымдастырылу құрылымы банкті басқару құрылымына және оның функционалдық бөлімшелері мен әртүрлі қызметтерінің құрылымына бөлінеді.

Пайда алу мақсатында коммерциялық банктер қызметінде басқару органы тиімді жетекшілік етуді қамтамасыз етеді. Банк құрылтайшылары басқару органына тікелей қатысады.

Нарықты экономикалы елдердің бүкіліне тән болып саналатын коммерциялық банктердің дәстүрлі, сол сияқты дәстүрлі емес бүкіл қызметін негізгі үлгіде топтастыруға болады[7].

Коммерциялық банктер бір жағынан, шаруашылық субъектілердің уақытша бос ақша қаражаттарын тартатын болса, екінші жағынан, бұл қаражаттар есебінен кәсіпорындар мен ұйымдардың әртүрлі қажеттерін қанағаттандыратын арнайы мекеме. Банктің пассивтік операциялары негізінде оның қызметінің жүзеге асырылуы үшін қажетті банк ресурстары жинақталады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мақыш С.Б. Банк ісі: Оқулық. - Алматы: Жетіжарғы, 2016. - 552 б.
2. Мақыш С.Б. Ақша, несие, банктер теориясы : Оқулық / С. Б. Мақыш. – Алматы : Жеті Жарғы, 2017. - 368 б.
3. Сейітқасымов Ғ. С. «Ақша, Несие, Банк», Алматы «Экономика», 2011. 466 б.
4. Костяшкина О.Г. Кредитная политика коммерческого банка. Учебное пособие, Красноярск 2019 г. – 130 с.
5. Панова Г.С. Кредитная политика коммерческого банка. – М.: ИКЦ «ДИС», 2018. – 464 с.

6. Банковское дело: учебник / под ред. Г.С. Сейткасымова // Алматы “Қаржы-Қаражат” 2017.
7. Банковское дело: учебник / под ред. О.И. Лаврушина // Москва “Финансы и стататистика” 2018.

## К СВЕДЕНИЮ АВТОРОВ

Уважаемые коллеги  
Казахско-Русский Международный университет принимает статьи для  
Международного научного журнала «Вестник КРМУ»  
Журнал имеет ISSN 2307-5686

Научный журнал включает статьи по следующим *направлениям*:

1. *Гуманитарные науки;*
2. *Естественные науки;*
3. *Технические науки;*
4. *Экономические науки;*
5. *Юридические науки.*



**Общие требования к содержанию:**

1. К рассмотрению принимаются научно-теоретические и экспериментальные работы по проблемам общественных, гуманитарных и прикладных наук, содержащие научную новизну и практическую значимость;
2. Статья должна отражать современный уровень знаний по данному направлению, квалифицированно излагать научно-технические вопросы, обладать сжатым и хорошим литературным изложением, иметь четко выполненные иллюстрации;
3. Материал, предлагаемый для публикации, должен являться оригинальным, неопубликованным ранее в других печатных изданиях;
4. Автор несет ответственность за опубликованные материалы, их научную достоверность, статьи должны быть отредактированы автором и не содержать грамматических, лексических ошибок.
5. Автор представляет свою статью в Научно-исследовательский отдел на бумажном и электронном носителях.

## ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ РУКОПИСЕЙ

### **I. Структура статьи (построчно):**

НАЗВАНИЕ СТАТЬИ – прописными буквами.

Имя, отчество, фамилия (полностью).

Ученая степень, звание.

Полное наименование организации, город, страна.

Аннотация (не более 8-ми строк) на трех языках (аннотация на казахском, на русском и на английском языках).

Текст статьи.

Список источников.

**II.** Оргкомитет просит авторов при подготовке докладов руководствоваться следующими правилами:

**1. Формат** страницы - А4, книжная ориентация. Объем материалов должен составлять 3-7 страниц, отпечатанные через 1,0 интервал, в редакторе «Word», шрифт «Times New Roman», цвет шрифта черный, кегль - 12. Поля: верхнее и нижнее - 2,0 см, левое – 3 см, правое – 1,5 см.

**2. Форматирование текста:** запрещены любые действия над текстом («красные строки», центрирование, отступы, переносы в словах, уплотнение интервалов).

**3. Все рисунки** должны быть выполнены черно-белыми и не должны превышать страницу формата А4, изображения должны быть высокого качества. Формат рисунка должен обеспечивать ясность всех деталей. Иллюстрации и таблицы нумеруются, если их количество больше одной.

**4. Литература.** Список использованной литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7. 1-84. Например:

1. Автор. Название статьи // Название журнала. Год издания. Том (например, Т.26) - номер (например, №1.) - страница (с.34. или с. 15-24.)

2. Аманов С.А. Название книги. Место издания (например Алматы:) Издательство (например, Наука), год издания. Страница.

3. Петров И.И. Название диссертации: дис.канд.биолог.наук. М.: Название института, год.

4. С. Christopolos, The tranmisson-Line Modeling (TML) Metod, Piscataway, N. Paris. 1995.

**5. Ссылки на источник** в виде порядкового номера помещают в тексте в квадратных скобках: [16, с.45].

**III.** На отдельной странице (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе:

#### Сведения об авторе

Фамилия, имя, отчество

Название статьи

Направление

Полное название организации – места работы (учебы), ее почтовый адрес

Занимаемая должность, ученая степень

Номера телефонов (служебный и домашний) с указанием кода города

E-mail

Домашний адрес (фактический) с индексом

**Примечание.** Укажите, пожалуйста, с кем из авторов (если авторов несколько) вести переписку или переговоры и по какому адресу или телефону.

Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи, рукописи и электронные версии не возвращаются, статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и не возвращаются авторам.

Материал просим выслать по адресу: 030006 г. Актобе, ул. Айтеке би, 52, Казахско-Русский Международный университет, Вестник КРМУ.

Телефоны для справок:

8(7132) 22-15-16, факс: 8 (7132) 21-06-08

**E-mail:** [vestnikkrmu@mail.ru](mailto:vestnikkrmu@mail.ru)

Международный научный журнал  
«Вестник Казахско-Русского Международного университета»

«Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің хабаршысы»  
халықаралық ғылыми журналы

2022  
Выпуск №3 (40)

Редактор *Амре Марат Шамильевич*  
Технический редактор *Искендіров Самат Русланұлы*

Подписано в печать: 30.09.2022 г.

Тираж 100 экз.

Адрес типографии:

Типография и дизайн-студия «Палитра»  
Казахско-Русского Международного университета  
Республика Казахстан, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52

По вопросам опубликования статей в журнал обращаться  
в Казахско-Русский Международный университет  
тел.: 8(7132)- 21-73-65, 22-15-16, факс: 21-42-12;  
сайт: [kriu.edu.kz](http://kriu.edu.kz) E-mail: [vestnikrmu@mail.ru](mailto:vestnikrmu@mail.ru) [mmu@akparat.kz](mailto:mmu@akparat.kz)

Международный научный журнал «Вестник Казахско-Русского  
Международного университета» зарегистрирован в Комитете информации и архивов  
Министерства Культуры и информации Республики Казахстан  
(№ 13379-Ж от 19 февраля 2013 г.)

и в обязательном порядке распространяется по следующим адресам:

1. *Национальная государственная Книжная палата РК*, г. Алматы, ул. Пушкина 2, 8-этаж, каб. 811;
2. *Дом Мажилиса Парламента РК, библиотека Парламента РК*, г. Астана, ул. Орынбор 4;
3. *Национальная библиотека РК*, г. Алматы, проспект Абая 13;
4. *Агентство связи и информации при Министерстве культуры РК*, г. Астана, ул. Орынбор 8

Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сай болмауы мүмкін.  
Жарияланымдағы фактілер мен мәліметтердің шынайылығына авторлар жауап береді.  
Редакция қолжазбаларды қайтармайды және оған пікір білдірмейді.  
Материалдарды қайта басу редакцияның рұқсатымен мүмкін болады.  
Журналға сілтеме жасау міндетті.

Опубликованные материалы могут не совпадать с точкой зрения редакции.  
Ответственность за достоверность фактов и сведений,  
содержащихся в публикациях, несут авторы.  
Редакция не возвращает и не рецензирует рукописи.  
Перепечатка материалов возможна только с разрешения редакции.  
Ссылка на журнал обязательна.

ISSN 2307-5686



9 772307 568187